ҚАЗІРДІҢ ӨЗІНДЕ ТЕМІР ЖОЛ САЛАСЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒЫНАН АНАҒҰРЛЫМ ТИІМДІ ТӘСІЛДЕРДІ ҚОЛДАНУҒА ҰМТЫЛУДА. МҰНЫМЕН ТОҚТАМАЙ, ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІП ПЕН ҚАТЕРГЕ ДЕР КЕЗІНДЕ ЖАУАП ҚАТЫП, 1520 КЕҢІСТІГІНДЕ ЖАҢА СЕНІМДІ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ДАМЫТА БЕРУІМІЗ КЕРЕК.

Франсуа ДАВЕНН,
Халықаралық темір жолдар одағының (UIC) бас директоры

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ
ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

№72 (2680)
07/09/2021

РАЗВИВАЯ ТРАНЗИТНЫЙ ПОТЕНЦИАЛ

Казахстан вложит 2 миллиарда долларов в строительство железнодорожной ветки Достык – Мойынты. Это поможет расширить транзит из Китая, отметил Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев во время VI Восточного экономического форума.

Айлин БАУРЖАН,
Нур-Султан

Президент Казахстана в режиме видеоконференц-связи принял участие в пленарном заседании VI Восточного экономического форума.

В начале своей речи Касым-Жомарт Токаев выразил признательность Президенту России за приглашение выступить на столь представительном мероприятии. По словам Президента, данный форум по праву стал авторитетной международной диалоговой площадкой по наиболее актуальным проблемам экономического сотрудничества.

Высоко оценив уникальный потенциал Дальнего Востока, Глава государства заявил, что для Казахстана этот регион имеет большое значение как стратегический партнер, поскольку географически соединяет Евразию с динамично развивающимся Азиатско-Тихоокеанским регионом.

– Казахстан, как крупнейшая экономика Центральной Азии, планирует усилить свое присутствие в данном регионе. Такой подход отражает суть отношений нашей страны с партнерами в Азии. Опорным элементом евразийской стратегии Казахстана стало всестороннее сотрудничество с Российской Федерацией – нашим стратегическим партнером и союзником, великой евразийской державой, – сказал Президент Казахстана.

Глава государства акцентировал внимание на значении строительства эффективной транспортной инфраструктуры. Он подробно рассказал о потенциале и возможностях нашей страны в развитии транзитных узлов, в том числе в контексте сопряжения национальных планов с деятельностью Евразийского экономического союза и глобальной китайской инициативой «Один Пояс – Один Путь».

– Казахстанский транзит доказал свою экономическую привлекательность и надежность. Поэтому мы продолжим совершенствование инфраструктуры. В частности, начинаем строительство новой железнодорожной ветки Достык – Мойынты для расширения транзита из Китая. Общий объем инвестиций составит более 2 миллиардов долларов, – информировал Президент.

Касым-Жомарт Токаев поддержал идею Восточного экономического форума о создании новых форм сотрудничества для раскрытия потенциала региона.

– В наших общих интересах найти новые точки роста, которые привлекут инвестиции, создадут рабочие места и обеспечат устойчивый рост в будущем, – подчеркнул он.

ҚЫСТЫҢ ҚАМЫ – БҮГІННЕН

«Кедентранссервис» АҚ бас директоры Арман Сұлтанов шаруашылықтардың қысқы маусымға дайындығымен танысуға компанияның Қостанай облысындағы филиалына барды.



Бас директордың сапары барысында филиалдың ғимараттары мен құрылыстарының, жүк көтеру механизмдері мен көлік құралдарының техникалық жағдайы тексерілді. Жұмыс орындарының еңбек қорғау ережелері талаптарына сәйкестігі және қызметкерлердің қысқы арнайы киіммен қамтамасыз етілуіне ерекше назар аударылды.

Бұдан басқа, астықтың және басқа да отандық ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорттық жөнелтілімдерін контейнерлеу мүмкіндіктері қарастырылды.

«Астықты контейнерлік тасымалдау, маршрут бойынша қайта тиеу және аралық қоймаларды пайдалану қажеттілігінің болмауына байланысты, шығындарды азайтып, соңғы алушыға тауарды жеткізу уақытын едәуір қысқартады», – деді Арман Сұлтанов.

Жоғарыда айтылған жылдық дайындық жұмыстары компанияның барлық филиалдарында жоспарлы түрде жүргізілуде және бекітілген ережелер мен «ҚТЖ» ҰК» АҚ бұйрықтарына сәйкес белгіленген мерзімде аяқталмақ.

Ислам ТАЛҒАТ, Нұр-Сұлтан
Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

Нуржан КЕЛЬБУГАНОВ,
исполнительный директор
ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки»:

ОТОПИТЕЛЬНЫЙ СЕЗОН 2020-2021 ГГ. ПРОШЕЛ БЕЗ НАРЕКАНИЙ БЛАГОДАРЯ СКООРДИНИРОВАННОЙ РАБОТЕ ВСЕХ ЗАИНТЕРЕСОВАННЫХ ГОСОРГАНОВ, АКИМАТОВ, ГРУЗООТПРАВИТЕЛЕЙ И ГРУЗОПОЛУЧАТЕЛЕЙ. СРЫВОВ ПО ПОСТАВКЕ УГЛЯ И ЖАЛОБ СО СТОРОНЫ ПОТРЕБИТЕЛЕЙ НЕ БЫЛО. В ЭТОМ ГОДУ СОВМЕСТНЫМИ УСИЛИЯМИ ВСЕХ УЧАСТНИКОВ ПЕРЕВОЗОЧНОГО ПРОЦЕССА ВОЗМОЖНО ОБЕСПЕЧИТЬ БЕСПЕРЕБОЙНОСТЬ И РИТМИЧНОСТЬ ДОСТАВКИ

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ

344
РАЦПРЕДЛОЖЕНИЯ ВНЕДРЕНО В ҚТЖ С НАЧАЛА ГОДА

С НАЧАЛА ГОДА ЗАФИКСИРОВАНО
830
ЭКСТРЕННЫХ ТОРМОЖЕНИЙ, СВЯЗАННЫХ С ВЫХОДОМ СКОТА НА ПУТИ ПЕРЕД ПРИБЛИЖАВШИМИСЯ ПОЕЗДАМИ

АО «НК «ҚТЖ» ЗАДЕЙСТВОВАЛО
17 000
ПОЛУВАГОНОВ В ПЕРЕВОЗКЕ УГЛЯ

Назардағы нысан

ЖҮК ТАСЫМАЛЫ ҚАЙТА ЖАНДАНДЫ

Еліміздің мемлекетаралық шекаралық түйіспе станциясының бірі – Маңғыстау өңіріндегі Болашақ бекеті. Биыл аталған станциядан сегіз ай ішінде Түркіменстанға 269 пойыз, 12754 вагон, яғни 705461 тонна жүк тапсырылса, көрші елден 2021 жылдың 8 айында қазақ мемлекеті аумағына 251 пойыз немесе 107474 тонна жүк тиеген 10831 вагон қабылданған.

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау



Теміржолшылар станцияда жүктерді қабылдап, тапсыруға төрт сағат шамасында уақыт кететінін айтады. Түркімен еліне тапсырылатын жүктердің басым бөлігін бидай, ұн, арпа, қант, күнбағыс майы, қара металл прокаты, басқа да азық-түлік өнімдері мен құрылыс материалдары, сондай-ақ, автобөлшектер құрауда. Ал Қазақстанға келетін жүктердің номенклатурасына келер болсақ, олар: кепкен жемістер, алма, картоп, аммиак, кокс, мотор майлары, төсек жабдықтары, үй бұйымдары, тағысын тағылар екен.

«2020 жылға дейін станциядан өткен пойыздың саны да, жүк түрлері де жылдан жылға арта бастаған еді. Өткен жылдың наурыз айынан бастап пойыздар саны азая бастады. Оған елімізде коронавирус індетіне байланысты енгізілген шектеулер әсер етті. Былтыр коронавирус инфекциясына байланысты алғашқы карантиннен кейін шетелге азық-түлік, ұн, қант сияқты негізгі тамақ өнімдерін шығаруға шектеу қойылды. Сол себепті Болашақ арқылы өтетін жүк көлемі төмендеп кетті. Бұл тамыз айына дейін созылды. Аталған өнімдерді экспорттауға рұқсат етілген соң жұмыс қайта қыза түсті. Пойыз саны бойынша өзгешелік болғанымен, өткен жүктің салмағы, вагоны жағынан алдыңғы жылғы көрсеткішке жақындады. Десек те, қазіргі нәтижеміз былтырғы есепті мерзімдегі өткен жүктер көлемімен шамалас. Әлі алда астық тасымалы бар. Сондықтан жылдың аяғына дейін өткен жылғы нәтижені жаңартамыз деген ойдамыз», – дейді Болашақ станциясының бастығы Мақсат Нұрбеков.

Болашақ станциясында бүгінде барлық теміржол мекемесін қосқанда 280-ге жуық адам жұмыс істейді. Соның 90 пайызы – Болашақ ауылының тұрғындары. Олардың отбасы барлары үш бөлмелі үймен, ал әзірге отбасын құрмаған қыз-жігіттер жатақханамен қамтамасыз етілген. Болашақ станциясы ашылғанда Ұлттық компания теміржолшыларға арнап 85 үй немесе 170 пәтер салып берген болатын. Сондықтан станция халқын баспана жайы алаңдатпаса керек. Әкімдік тарапынан өзге сала өкілдеріне де 5 үй тұрғызылған. Алайда, станцияда жаз болса туындайтын бір ғана мәселе бар, ол ауыз су жеткіліксіздігі. Одан басқа болашақтықтардың Жаңаөзен қаласымен арада барыс-келісіне мүмкіндік қарастырылған. Әр аптаның екінші күнінен басқа уақыттарда Болашақ-Жаңаөзен пойызы қатынайды. Ауылдың 80 орындық шағын мектебі мен 50 балаға арналған балабақшасы да бар. Бірақ бүгінде мектепте білім алушылар саны 200-ге жетіпті. Халықтың өсу қарқынын ескерсек, таяу арада 250 болуы әбден мүмкін. Сол себепті Қарақия ауданы әкімдігі есебінен мектептің жанына тағы да қосымша ғимарат салу жайы жоспарланыпты. Балабақшадағы орындар саны болса қазірге жеткілікті. Дегенмен, өсіп жатқан халық бар жерде балабақшаға сұраныс та арта бермек. «Бүгінде тек ерлі-зайыптының екеуі де жұмыс істейтін, үйде қарайтын адамы жоқ отбасылар ғана баласын балабақшаға бере алады. Егер үйде отырған аналар, ауыл халқының бәрі баласын берер болса, бұл мекеме бүлдіршіндерді қамтуға тарлық етуі мүмкін», – дейді станция бастығы.

Суретті түсірген автор

ПО ЖЕЛЕЗНОЙ ДОРОГЕ – ЭФФЕКТИВНЕЕ

С начала года по сети АО «НК «ҚТЖ» перевезено свыше 168 миллионов тонн груза.

Сегодня компания принимает все необходимые меры по наращиванию перевозки грузов и готова к обсуждению возникающих в процессе вопросов.

За восемь месяцев текущего года на сети АО «НК «ҚТЖ» погружено свыше 168 миллионов тонн грузов. Внутри страны железнодорожным транспортом перевезено более 109 миллионов тонн, что на 1,4% выше показателя аналогичного периода 2020 года. На экспорт погружено 59 миллионов тонн, рост к прошлому году составил 3,8%.

Каменного угля перевезено до 67,7 миллиона, что на 5% больше, чем за 8 месяцев прошлого года. При этом объем перевозок для потребителей внутри страны вырос на 4% – до 47,5 миллиона тонн твердого топлива.

Погрузка зерна выросла на 10,5% и составила 5,8 миллиона тонн. На экспорт отправлено 4,3 миллиона тонн, этот показатель вырос к прошлому году на 16%. Также к прошлому году увеличились объемы погрузки нефтяных грузов на 7,9% – до 11,6 миллиона тонн, железной и марганцевой руды – на 4,8%, до 18,5 миллиона тонн.

По итогам 8 месяцев эксплуатационный грузооборот составил 156,9 миллиарда т-км нетто, что на 3,5% выше показателя аналогичного периода прошлого года.

Руслан РАХМЕТОВ, Нур-Султан

КТ
rail-news.kz
№72 (2680) 07/09/2021

ТЕХНОЛОГИЯЛАР ӨЗГЕРІСІ СӨЗ БОЛДЫ

Нұрбек БЕКЕН,
Нұр-Сұлтан

КӨРМЕ

Тамыз айында Ресей астанасы Мәскеуде «Pro//Движение, Экспо-2021» мерейтойлық 50-ші техника және технологиялардың Халықаралық теміржол салоны өтті.

Іскерлік бағдарламаның басты тақырыбы технологиялардың өзгеруі, яғни трансформациясы және жаңа экологиялық ойлау болды. Көрмеге қатысқан «Қамқор Локомотив» ЖШС бас директоры Мұрат Әміров, бұл теміржол машинасын жасаудың жаңа әзірлемелерімен танысу және бизнес кездесулер өткізу үшін жаңа мүмкіндік болғанын айтады.

Қазақстандық компания өкілі ретінде қатысқан Мұрат Әміров көрме аясында бірқатар іскерлік кездесулер өткізіп, «Синара – көліктік машиналар» холдингі, «Трансмашхолдинг» АҚ, «Электромашина» СҮ, «Ғылыми-өндірістік өнеркәсіптік технологиялар орталығы» ҚБ, «Жаңа лазерлік технологиялар» ЖШҚ сияқты Ресей теміржол саласының ірі кәсіпорындарының өкілдерімен ынтымақтастықты дамыту туралы перспективаларды талқылады.

Суретті түсірген автор

САЛҒЫРТТЫҚТЫҢ САЛДАРЫ

Жансая СЫДЫҚБАЙ,
Арыс

ҚАУІПСІЗДІК

Жыл басынан бері бөгде адамдардың темір жол бойында жүруі салдарынан Арыс жол дистанциясында 5 рет шұғыл тежеу орын алып, бір кісі өлімі тіркелді. Жалпы, 2017 жылдан бері адам басу оқиғасы жеті рет тіркелген екен.

Арыс жол дистанциясы Түркістан облысының бес ауданы арқылы өтетін темір жолды күнделікті күтіп ұстайды. Еліміздің оңтүстігі – халықтың тығыз орналасқан және жеке малды көп ұстайтын аймақ. Халқының негізгі күнкөрісі де осы теміржол мен қорадағы ірілі-ұсақ малы. Малды қысы-жазы қолда ұстау тиімсіз болғандықтан, көктем шығысымен өріске айдап қоя береді. Оңтүстіктің ауа райы жаз кезінде өте ыстық болғандықтан шөптер тез қурап кетеді. Сол кезде қараусыз жүрген төрт-түлік шөбі басылмаған теміржол мен автожол маңына қарай ойыса бастайды. Теміржолдағы қоршаулар әрі-бері өткен адамдардың салғырттығынан көбіне ашық қалады да қараусыз мал ішке еніп кетеді.

«Біз өз тарапымыздан тұрғындардан ары-бері өтуге қалдырылған өтпелерді үнемі жауып жүрулерін сұраймыз әрі пойызға басылып жатқан мал да сол жергілікті тұрғындарға тиесілі болған соң жауапкершілікті талап етеміз. Сол малды бағып, төлін, сүтін, етін сатып күнкөріс жасап жүрген өздеріне малдан айырылып қалудың және пойызды тоқтатқаны немесе локомотивті зақымдағаны үшін төленетін айыппұлдың да өз қалталарына ауыр тиетінін үнемі ескертіп отырамыз. Ірі қара малдан бір айырылып, одан қала берсе темір жолға келген шығынды екі рет өтеп жатса, ол мал иесіне де оңай тимейді. Бірақ соны біле тұра ірі қара малды қараусыз қалдырып, өтпені ашық қалдырып кететіндерін түсіне алар емеспіз», – дейді Арыс дистанциясы бас инженерінің міндетін атқарушы Бақытжан Сарыпбеков.

Малдан бөлек, халық жиі қоныс тепкен елді мекендерде адамдардың пойыз астына түсіп қалу оқиғалары жиі орын алып жатады. Темір жолдан тек белгіленген жерлерден ғана өтуді қанша айтса да адамдардың құлақ аса бермейтіні өкінішті.

Ал, мұндай салғырттықтың салдары адам өліміне әкеп соғатыны белгілі.

Суретті түсірген автор

АҚАУЛЫ АЙҚАСТЫРМА АУЫСТЫРЫЛДЫ

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Шілденің ми қайнатар аптап ыстығы басылып, күздің жанға жайлы жаймашуақ күні. Болат жолдың бабын жасап, технологиялық талапқа сай келтіріп, пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін сақтауды кәсіби міндеті санайтын жолшылар қауымы үшін жұмыс қызған.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қазалы

Қазалы жол дистанциясы жолшыларының бір тобы бүгін Қазалы станциясының солтүстік алқымындағы алтыншы жолдың №202 бағыттамалық бұрмасының крестовинасын ауыстыру жұмыстарына кіріскен. Ақаутапқыш арбамен жолды тексерген кезде анықталған крестовинаны ауыстыру жұмысына жол бригадирі Руслан Ибраймов басшылық жасауда.

– Бекеттегі маневрлік және пойыздық жұмыстар әсерінен бұрма крестовинасының аргонмен дәнекерленген жерлері ұрылып, майысып, қалыпты нормадан ауытқуына байланысты жаңасына алмастырамыз. Крестовинаның кемшін тұсын арнайы құрылғылардың көмегімен босатып алып, орнына жаңасын техталапқа сай орналастырып, бекіту, одан кейін диспетчерлерге және жауапты тұлғаларға қосымша хабарлап, тексеруден өткізілгеннен кейін және бір бақылаудан өткізіліп барып қолданысқа беріледі, – дейді бригадир.

Бірнеше сағат бел шешпей қимылдаған бригаданың крестовинаны алмастырудың барлық технологияларын сақтауды қадағалаған бригадир жолдың, бағыттамалық бұрманың технологиялық талапқа сай болуын қосымша тексеруден өткізіп, барлығы талап дейгейінде атқарылуын бақылауда ұстады. Бұл ағымдық күтім барысында атқарылған жұмыс болса да күрделі процесс болғандықтан оған бригаданың тәжірибелі жолшылары, 3-4 разрядты жол жөндеушілер Қуаныш Зейналиев, Жеңісбай Жәлиев, Тілекбай Қапашов, Алмас Жаңабаев пен Айбек Тәшенов қатыстырылып отыр екен.

– Кешенді жол машиналары, ақаутапқыш арбалардың және күнделікті шаблонмен жол өлшемін алу кезінде анықталған кемшіліктер деңгейіне қарай дер кезінде жойылып отыруы тис. Бүгін, міне, №202 бағыттамалық бұрмадан анықталған кемшілікті жойып, ақаулы крестовинаны жаңасымен ауыстырып шықтық, жігіттерге рахмет, жұмыс талапқа сай, сапалы орындалды, – деп мәлімдеді жол бригадирі Руслан Ибраймов.

Суретті түсірген автор

ӨРТ ҚЫЗМЕТІНІҢ ДАЙЫНДЫҒЫ ПЫСЫҚТАЛДЫ

ОҚУ-ЖАТТЫҒУ

Соңғы кезде жер-жерде бұрқ ете қалған өрт оқиғалары жиілеп кетті. Сондықтан темір жолдың өрттен қорғау қызметтері де «етек-жеңдерін» жиып, сақтық шараларын күшейтті.

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

Жуырда Маңғыстау станциясындағы 42-түйықта мұнайы бар цистернадан өрт шықты. Жағдай дереу тиісті орындарға хабарланып, өртке қарсы құрылымдар шұғыл түрде оқиға орнына жетті...

Бұл Маңғыстау станциясында өткен өртке қарсы кезекті тактикалық оқу-жаттығу болатын. Сценарий бойынша түскі сағат 12.00 уақытында станция түйығындағы мұнай тиелген №53872768 цистернада «өрт шыққаны» туралы хабарланды. 10 минуттың ішінде Маңғыстау станциясындағы өрт сөндіру пойызының жеке құрамы жиналып, оқиға орнына келіп жетті. Сағат 12.03 минут өткенде әрқайсысында алты адаммен өртке қарсы мұздай қаруланған бір АЦ-8-40 "Урал", АЦ-5-40 "Урал", АЦ-2,5 "Зил" және Мұнайлы ауданының №5 өрт сөндіру бөлімінің бастығы бастаған АЛ-37 "Камаз" арнайы техникалары дайын болып, жеті минуттан соң жедел іске кірісті.

Сағат 12.15-те облыс орталығынан АЦ-8-70, АЦ-3,2-40 "Камаз" өрт сөндіруші автокөліктері көмекке келіп, өртті ауыздықтауға жұмыла кіріскен арнайы техника мен мамандар бірнеше минуттың ішінде қызыл жалынның бетін қайтарды.

– Өртті өшіруге су мен көбік қолданылды. Жауынгерлік қанат жаю арқылы бір жақтан су, екінші жақтан көбік шашып, өрт толықтай сөндірілді. Өртті сөндірудің жалпы уақыты 18 минутқа созылды. Оған өрт сөндіру пойызының жеке құрамынан 10 адам, сондай-ақ жергілікті теміржол мекемелерінен 11 адам қатысты. №5 өрт сөндіру бөлімінен 21, қалалық өрт сөндіру бөлімшесінен 15 өрт сөндіруші болды. Барлығы 86 адам жұмылдырылды.

Өртті өшіруге 7560 литр су, 56,7 көбік және техникалардың жүруіне 10,8 л. АИ-92 жанармай кетті. Оқу-жаттығу барысында қажетті құрылымдардың дайындығы пысықталып, мүмкіндігі көрінді. Жалпы, аталған іс-шара ойдағыдай, қателіксіз өтті, ең бастысы құрамның жылдамдығы мен сақтық әрекеті назарға алынды, – дейді Маңғыстау өртке қарсы қызмет жасағының бастығы Қайырхан Таласов.

Суретті түсірген автор

ҚАЙҒЫЛЫ ОҚИҒА ҚАЙТАЛАНБАСЫН ДЕСЕК...

ӘЛЕУМЕТ

«Темір жол – қауіпті аймақ» деген жаттанды сөзге айналғандай, көпшілік елеп-ескере бермейді. Күн сайын қайталанып жатқан қайғылы оқиғалар да ой салар емес. Бір ғана Жамбыл облысы аумағында алты елді мекенде теміржол үстінен өтетін аспалы көпір салу қажет.

Асхат РАЙҚҰЛ,
Жамбыл облысы

Осыдан бірер апта бұрын Құмшағал станциясында орын алған үш жасар қыздың өлімін мысалға алсақ, балалы әйел теміржолды белгіленбеген жерден бірінші рет кесіп өтпегені белгілі. Құмшағалдықтардың айтуынша, сол теміржолдан өтемін деп арбаға таңылғандар мен ажал құшқандар аз емес екен. Жергілікті халық теміржол бойындағы қауіпсіздік мәселесін атам заманнан бері көтеріп келеді. Соңғы рет 2016 жылы аспалы көпір мәселесі жергілікті әкімдікке жеткенімен, нақты шешім қабылданбаған.

Құмшағал тұрғыны Тоқберген Орынбасардың айтуынша, сол жылы көпір салуға қолайлы орын сайланып, тіпті сызбасы да дайындалған көрінеді. Тараз станциясы желілік полиция бөлімі басшысының бірінші орынбасары Аслан Қайназарұлы халық көп шоғырланған аумақта теміржолдың жиегі қоршалуы қажет екенін айтты. Өйткені бұл адам өлімімен аяқталған аймақтағы бесінші оқиға екен...

Аса станциясы маңында да аспалы көпір салуға сұранып тұрған жер бар. Станция орын тепкен Жамбыл ауданында 12 157 мыңнан астам халық бар болса, 1 520 тұрғын теміржолдың сол жақ бетінде тұрады. Солардың бәрі, мектеп оқушыларымен қоса ересектер де күнделікті жұмысқа, әлеуметтік нысандарға бару үшін теміржолдан өтеді.

– Теміржолдың арғы бетіне өту дегеніңіз «қыл көпірден» өткенмен пара-пар. Бірақ ауылдың орталығына бару үшін, амал жоқ, өтеміз. Өйтпесек, іс бітпейді. Бәрінен де балаларды уайымдаймыз. Сыртқа шығып кетсе, іздей бастаймыз. Ойын баласы үлкендердің ескертуін естен шығарып алады емес пе? Қолына баласын көтеріп алған қыз-келіншектерге де оңай емес. Қазір тұрғындар саны артып келеді. Жуық арада теміржолдың жиегі қоршалып, аспалы көпір салынбаса, тағы қандай оқиға орын алатынын айтудың өзі қорқынышты», – дейді ауыл тұрғыны Бекжан Мақұлов.

> ҚҰМШАҒАЛ ОҚИҒАСЫНА БАЙЛАНЫСТЫ «ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» АҚ БАСШЫЛЫҒЫНА ТЕМІР ЖОЛДЫҢ ТӨҢІРЕГІН ҚОРШАУ ТУРАЛЫ ХАТ ЖОЛДАНҒАН. МҮМКІН СОНДА ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ ТОЛЫҚТАЙ САҚТАЛАР.

Жамбыл ауданының әкімі Сәкен Арубаевтың айтуынша, осы қауіпті аймақтағы аспалы көпір мәселесі бұған дейін Жамбыл облысы әкімдігін былай қойғанда, Парламент Мәжілісі мен Сенат депутаттарының да қоғамдық қабылдауларында ұсынылған. Тіпті Премьер-министрдің орынбасары Роман Склярдың қоғамдық қабылдауында да бұл мәселе көтерілген. Үкімет басшысының орынбасары аспалы көпір құрылысының жобалық-сметалық құжаттарын аудандық бюджет есебінен дайындауға тапсырма берген. Қазір қажетті құжаттар дайындалып, республикаға жолданып отыр. Алайда, ол сома қазынадан қашан қаралып, құрылыс жұмыстары қай кезде басталатындығы белгісіз.

Аспалы көпір салу Тараз станциясына қарайтын теміржолдарда да өзекті. Мысалы, «Қант зауыты» мен «За линией» алаптарының тұрғындары бұл мәселені көтеріп бармаған жері, қақпаған есігі қалмаған. Алайда, аспалы көпір мәселесі шешімін таппай, айдың-күннің аманында теміржолдан өтемін деп өмірімен қоштасқандардан бөлек, көрер жарығы бар жандардың өзі мүгедек болып қалып жатыр.

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС «Жамбыл ЖТ бөлімшесі» филиалының бас инженері Анатолий Ким ҚТЖ басшылығы мен жергілікті әкімдік бұл мәселеден хабардар екенін жасырмады. Бірер апта бұрын ғана орын алған оқиғаның салдары бойынша бірқатар жедел шаралар да қабылданыпты. Атап айтқанда, станцияларда дабыл қағатын аппараттарды арттырып, қосымша жарықтандыру, теміржол бойына ескертпе үшін банерлер қою жұмыстары қолға алынған. Желілік полиция бөлімінің қызметкерлері түсіндіру жұмыстарын күшейткен.

«Теміржол бойында тұратын халықтың жағдайы бізге белгілі. Расында қанша ескерту жасалып, түсіндіру жұмыстары жүргізілгенімен қайғылы жағдай орын алуда. Құмшағалдағы оқыс оқиғада кішкентай қыздың ажал құшқаны өте ауыр жағдай болды. Бірақ дәл сол аумақта бірнеше өткелдер бар, оны бәрі біледі. Әрі Құмшағал станциясында пойыздың келетін-кететінін дабыл арқылы ескертіліп тұрады. Оны әйел адам әрине елемеген. Ал қазіргі аса қауіпті аймақтардың тізімінің басында Байзақ батыр көшесі тұр. Бұл жерге жерасты көпірін салуға да болады. Бірақ оған аса қомақты қаржы керек. Әрі теміржолдағы пойыз бағыттары да уақытша тоқтауға мәжбүр болады. Сол үшін әзірге аспалы көпір салынса да болар еді. Бұл жағдайға байланысты жергілікті әкімдікке бірнеше рет хат жаздық», – дейді бас инженер.

Орын алған жағдайдың барлығын ескере отырып, Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесі басшылығы облыс әкімдігіне хат жолдаған. Онда Тараз қаласында аспалы көпір салуды қажет ететін алты аумақ көрсетілген. Тізімнің басында Байзақ батыр көшесіндегі «Элеватор» аялдамасы тұр. Одан кейін Абай көшесіндегі теміржол қиылысы, «Ауыл береке» базарындағы автокөлік көпірі, Құмшағал, Аса, Талас станцияларының аумағы да ескеріліпті. 2021 жылдың 7 айында тұрғындардың теміржолдың рұқсат етілмеген орындардан өтуінің салдарынан пойыздар 106 рет шұғыл тежелуге мәжбүр болған. Соның ішінде 7 жағдай адам басу оқиғасымен аяқталыпты. Хатта осы деректердің барлығын көрсете отырып, «теміржол үстінен өтпелі көпір салуға облыстық бюджеттен қаржы қарастыруды сұраймыз» делінген.

№72 (2680) 07/09/2021

ОБЕСПЕЧИВАТЬ БЕЗОПАСНОСТЬ ТРУДА

СЕМИНАР

Максимально эффективно соблюдать условия охраны труда – под таким девизом в Костанае прошли семинар и технические занятия по недопущению травматических случаев на железной дороге с практическим показом материала.

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай

В мероприятии приняли участие руководители компании, главные инженеры и инструкторы по охране труда филиалов ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – Кокшетау, Павлодара и Караганды.

Открывая совещание, главный инженер Костанайского отделения грузовых перевозок Азамат Ибраев ознакомил присутствующих с ситуацией по охране труда в филиале.

– Любое возможное происшествие происходит из-за ряда мелких причин, – в свою очередь подчеркнул директор департамента производственной безопасности и экологии АО «НК «ҚТЖ» Асхат Сариев. – К примеру, из-за нехватки кадров, когда работники вынуждены отрабатывать больше смен. Поэтому нельзя отступать от установленных правил даже в мелочах.

Продолжая эту тему, директор департамента производственной безопасности и экологии ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Берик Истлеев сообщил, что аналогичные мероприятия с практическим показом уже проведены в Алматы и Кызылорде. Основная задача таких технических занятий – достижение производственной безопасности и создание условий безопасной работы на региональных и линейных предприятиях.

– Мы проводим наше техническое занятие для того, чтобы каждый понимал суть своей работы, – подчеркнул Берик Истлеев. – А вы в свою очередь должны довести полученные знания до работников каждой станции.

И действительно, во время технического занятия участники обменялись опытом в сфере безопасности и охраны труда, обсудили актуальные вопросы по обеспечению безопасности и охраны труда работников в течение смены, созданию им безопасных условий труда, особое внимание обратили на право каждого работника.

Путем наглядного осмотра места несчастного случая участниками технического занятия были обсуждены все риски составителя поездов при выполнении функциональных обязанностей на сортировочной горке при роспуске вагонов.

Подводя итоги мероприятия, заместитель генерального директора ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Канат Кобесов отметил, что по итогам занятий будут сделаны выводы и разработаны практические рекомендации по максимальному обеспечению безопасности труда и исключению вероятности любого ЧП.

Фото автора

МОДЕРНИЗАЦИЯ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОГО ПУТИ

КАПРЕМОНТ

В 2021 году в филиале ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Акмолинское отделение ГП» запланировано проведение капитального ремонта пути на новых материалах протяженностью 84,234 километра, из них 62,83 уже выполнено.

Надежда НОВИЦКАЯ,
Кокшетау

Филиал координирует работу структурных подразделений дороги. И первый опыт координации уже получен при проведении летних путевых работ.

Летние путевые работы в Акмолинском отделении ГП – непростая задача из-за напряженного графика движения поездов на многих участках, большого количества пригородных и пассажирских поездов «Тальго» в летнее время. Поэтому для проведения ремонта путей приходится заблаговременно увязывать воедино планы инфраструктуры Акмолинского отделения магистральной сети с интересами движенцев и локомотивщиков Акмолинского отделения ГП.

Капитальный ремонт пути предусмотрен на участках Атбасар – Есиль на перегонах Жаксы – ОП-80 (четный путь, 9,92 км), Перекатная – Казахская (нечетный путь, 10,70 км), Казахская – Жаксы (нечетный путь, 24,53 км), ОП-80 – Красивая – Казахская (нечетный путь, 9,69 км). По станции Нур-Султан – обводной путь 3,51 километра, перегон Нур-Султан – Сороковая (3-й путь, 9,68 км), – рассказал начальник оперативно-распорядительного отдела Расул Буратаев.

Также на однопутном участке Петропавловск – Кокшетау на перегонах Приречная – Азат (16,16 км), работы практически подошли к концу, осталось провести капитальный ремонт в пределах железнодорожного узла Нур-Султан. Основные работы по укладке планируется закончить к концу сентября.

Кроме этого ведется активная работа по среднему ремонту пути. При плане 10 километров выполнение составило 6, в основном работа осуществляется в пределах Кокшетауской и Жана-Есильской дистанций пути.

Особое место в плане летних путевых работ – усиленно-средний ремонт хозяйственным способом по станциям Курорт-Боровое, Макинка, Жасыл, Сороковая, Шортанды, Акколь, Нур-Султан, Перекатная, Жалтыр.

Модернизация железнодорожного пути направлена, прежде всего, на повышение безопасности движения и увеличение скоростей пассажирских и грузовых поездов, особенно на контейнерном ходу по маршруту КНР – Европа.

Фото автора

ТЕХНОЛОГИЧЕСКИЙ ПРОЦЕСС В РАЗГАРЕ

ТЕХОСМОТР

Работники Карагандинского участка Акмолинского филиала по ремонту пассажирских вагонов АО «Вагон-сервис» (ЛВЧДРУ-12) приступили к подготовке локомотивов к зиме.

Светлана МОГАЙ,
Караганда

По словам начальника участка Алмаса Маратова, план по ремонтным работам уже утвержден и составляет 52 единицы.

– В сентябре ТО-2 подлежат 13 вагонов. Их техническое обслуживание, как правило, производится перед зимними перевозками в пунктах формирования поездов. Контроль за проведением ТО-2 осуществляется комиссией под председательством первых руководителей с привлечением работников ревизорского аппарата ЦЛВСРБ, НОРПОЖ и СЭС, – сообщает Алмас Маратов.

Сюда же входит текущий отцепочный ремонт. Он производится при замене колесных пар, автосцепок и других узлов. Кроме того, вагоны экипируются твердым топливом и водой. Между тем, ТО-3 подлежат 7 вагонов, то есть намечается единая техническая ревизия с выполнением дополнительных работ, указанных в технологическом процессе. В октябре сотрудники филиала проведут ТО-2 в количестве 24 вагонов, а ТО-3 – 15.

Фото автора

СПЕЦОДЕЖДОЙ ОБЕСПЕЧЕНЫ

ПОДГОТОВКА К ЗИМЕ

На станции Өскемен-1 на 100% обеспечили своих работников спецодеждой и спецобувью к предстоящему зимнему сезону. Особое внимание здесь уделили «первозимникам».

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

– К зиме мы готовы, – рассказал главный инженер станции Өскемен-1 Серик Ахметжанов. – 20 августа проведена опрессовка тепловых сетей здания ЭЦ на станции, а также подготовлено здание МВ-1 северного парка станции Өскемен-1, которое отапливается электричеством. В декабре прошлого года мы провели ремонт помещений постов №2 и №4, теперь подали заявки на ремонт в следующем году помещения пункта обогрева составителей поездов и здания МВ-1. Спецодеждой работники станции Өскемен-1 полностью обеспечены.

По словам Серика Ахметжанова, на станции Өскемен-1 получили такие виды спецодежды, как кепки – 40 штук, демисезонные вязаные шапки – 30 штук, мужские и женские ботинки, плащи от дождя, зимнюю одежду – костюмы «Гудок». Все изделия хорошего качества.

В этом году на станции Өскемен-1 немало новичков, так называемых «первозимников» – около 20 человек. Это регулировщики скорости движения вагонов, составители поездов, операторы по обработке перевозочных документов, приемосдатчики груза и багажа, товарные кассиры. Их всех в первую очередь обеспечили спецодеждой и закрепили за опытными работниками.

С учетом нынешней санитарно-эпидемиологической ситуации уже 75% работников станции Өскемен-1 прошли вакцинацию против коронавирусной инфекции.

К слову, за последние три года на станции не было несчастных случаев на производстве и случаев травматизма. Работники станции Өскемен -1 пользуются программой мобильного приложения по охране труда, которое разработано с учетом концепции АО «НК «ҚТЖ» – «БЛАГО».

ПРЕВЕНТИВНЫЕ МЕРЫ

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

АКЦИЯ

Железнодорожники совместно с работниками ЛУП на станции Алматы-1 провели акцию «Стоп, наезды!». Цель мероприятия – предупреждение населения об опасности на железнодорожных объектах.

В ходе совместного мероприятии проведено 18 рейдов по недопущению экстренного торможения, выпаса скота в полосе отвода, а также соблюдению правил безопасного прохода через железнодорожные пути.

– Главные причины трагедии на рельсах – нарушение правил безопасности на железнодорожном транспорте: хождение по путям, их переход в неустановленных местах, в том числе в состоянии алкогольного опьянения, неосторожность при посадке и высадке, имеются случаи проникновения подростков на подвижные составы, – отмечает первый заместитель начальника Линейного управления полиции станции Алматы-1 подполковник Махмет Абенов.

По словам полицейского, больше всего поражает то, как беспечно поступают взрослые, нарушая правила безопасности, забывая, что в конечном счете они рискуют жизнью. Особую тревогу вызывает детский травматизм. Бывают случаи, когда подростки устраивают подвижные игры на территории объектов железной дороги, катаются на роликах, скейтборде, делают селфи возле подвижного состава. А это недопустимо.

Буквально за несколько минут до рейда были задержаны подростки, пересекающие железнодорожные пути. Энергично шагая, они громко что-то обсуждали и толкали друг друга, не обращая внимания на проводимые маневровые работы. Железнодорожники и полицейские провели с подростками разъяснительную беседу, популярно объяснив им, к чему приводит подобная беспечность, что, переходя пути в неустановленном месте, люди подвергают себя опасности, а потеря бдительности и внимания приходит к печальному финалу.

В целом, в ходе рейда было выявлено 28 правонарушений по статье 559 ч.1, 5 КР КоАП (нарушение правил, обеспечивающих безопасность движения на железнодорожном транспорте).

Также проведены беседы с владельцами крестьянских и фермерских хозяйств по вопросам выпаса скота.

Стоит отметить, что железнодорожники вместе с представителями транспортной полиции постоянно проводят профилактические мероприятия, направленные на предупреждение наездов подвижного состава на людей. С целью пропаганды на вокзалах пассажирам раздаются памятки, делаются видеоматериалы, публикуются статьи в печати на региональном и местном уровнях с целью доведения до населения плачевных последствий в случае невыполнения правил поведения в зоне повышенной опасности.

Центральный Совет профсоюза выражает глубокие соболезнования директору филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Алматинское отделение ГП» Акчалову Берику Сагимбековичу по поводу кончины ветерана железной дороги, Почетного железнодорожника, отца

Сагимбека

«Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің» кәсіби одағы қоғамдық бірлестігінің «ҚТЖ-Жүк тасымалы» филиалының басшылығы мен еңбек ұжымы «Құрметті теміржолшы», теміржол саласының ардагері, Жамбыл жол бөлімшесінің ардагерлер кеңесінің төрағасы, «Тараз қаласының құрметті азаматы», «Жамбыл облысының құрметті азаматы»

Сағымбек Әділбекұлы Ақшалов

ақсақалымыздың мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасы мен туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Жамбыл магистральдық желі бөлімшесі, Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесі, Жамбыл кәсіби одағы филиалы, ардагерлер кеңесі мен теміржол кәсіпорындарының еңбек ұжымдары Құрметті теміржолшы, Жамбыл жол бөлімшесінің бұрынғы бастығы, Жамбыл жол бөлімшесінің ардагерлер кеңесінің бұрынғы төрағасы, Тараз қаласының және Жамбыл облысының құрметті азаматы, көптеген мемлекеттік және халықаралық наградалардың иегері

Сағымбек Әділбекұлы Ақшаловтың

қайтыс болуына байланысты туған-туыстарына қайғырып көңіл айтады.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ теміржолшы ардагерлерінің Орталық кеңесі және «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы орталық аппаратының ардагерлер кеңесі «ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалының Өңірлік ардагерлер кеңесінің бұрынғы төрағасы – «Құрмет Белгісі» ордені, «Барыс» ордені иегері, Еңбек ардагері, Құрметті теміржолшы, Тараз қаласының және Жамбыл облысының құрметті азаматы, облыстық мәслихаттың 3,4 шақырылымының депутаты

Сағымбек Әділбекұлы Ақшаловтың

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына және әріптестеріне қайғырып, шын жүректен көңіл айтады.

Ардагердің жарқын бейнесі оны жақыннан танып, білгендердің жүрегінде мәңгі сақталады. Марқұмның жатқан жері жәннатта, иманы жолдас болсын!

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-ның басшылығы

Сағымбек Әділбекұлы Ақшаловтың

қайтыс болуына байланысты отбасы және жақындарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

«Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің» кәсіби одағы қоғамдық бірлестігінің «ҚТЖ-Жүк тасымалы» филиалының басшылығы мен еңбек ұжымы теміржол және кәсіподақ саласының ардагері Маңғыстау вагон пайдалану депосының кәсіподақ төрайымы

Лахова Сәния Сисенбайқызының

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасы мен туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

КТ
rail-news.kz
№72 (2680) 07/09/2021

ЗЕЙНЕТ ЖАСЫН ЖАҚЫНДАТУ МҮМКІНДІГІ БАР

КӘСІПОДАҚ

Қазіргі таңда елімізде еңбек жағдайының ауырлығына қарай зейнеткерлік жасын 58-60 жасқа дейін төмендету мәселесі жиі көтеріледі. Осы ретте Қазақстан теміржолында кейбір мамандықтар бойынша теміржолшыларға біршама жеңілдіктер қарастырылғанын айтқан жөн.

БЖЗК
ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ / ПЕНСИОННЫЙ ФОНД

Ұлан ОРАЗ,
Нұр-Сұлтан

– 2011 жылдан бастап 2013 жылға дейін теміржол кәсіподағы Үкіметпен бірге жұмыс істеп, жеңілдікке ие мамандықтар тізіміне ауыр және зияндылығы бар 23 мамандықты кіргіздік. Мәселен, кез келген қызметкердің шотына айлығынан ай сайын 10 пайыз түсіп отырады, сондай мамандықтарға қосымша ҚТЖ есебінен 5 пайыз тағы аударылатын болды. Сонда аталған мамандық иелерінің зейнетақы аударымына ай сайын 15 пайыз түседі. Бұл жаңалық 2014 жылы күшіне енді, – дейді «Қазкөліккәсіп» ҚБ төрағасының орынбасары Жұпарбек Сәбитов.

Дәл қазір Үкіметтің заңы бойынша ер адамдар 63, әйелдер 60 жаста зейнетке шығып жатыр. Әйелдер үшін жарты жыл сайын қосылып, алдағы уақытта олар да 63 жаста шығатын болады. Тек көп балалы аналар зейнеткерлікке ертерек шығады.

– Ал теміржолда локомотив бригадасына, яғни машинист пен машинист көмекшісіне қалауына қарай салалық жәрдемақы төленеді. Яғни, оларға 57 жасқа келгенде салалық жәрдемақы алып, зейнеткерлікке ерте шығу мүмкіндігі ұсынылады. Егер мұны қабыл көрсе, 63 жасқа келгенше компания машинистке 40 АЕК, ал машинист көмекшісіне 31 АЕК көлемінде жәрдемақы төлеп отырады да, 63 жасқа келген соң мемлекеттен алатын зейнетақысын алуды жалғастырады, – дейді Ж.Сәбитов.

Кәсіподақ өкілінің айтуынша, олар осы салалық жәрдемақыны зиянды жұмыс саналатын өзге де мамандықтар бойынша қолжетімді етуге ұсыныс беріп, қазіргі таңда сол бағытта компаниямен келіссөздер жүргізуде. «Бұл ретте, мәселен, жолшыларға 57 емес, 60 жасқа келгенде ертерек зейнеткерлікке шығып, шамамен 30 АЕК көлемінде салалық жәрдемақы төлеуді қарастырып көруге болады. Компания тарапынан толық қолдау тапса, бұл өзгерісті алдағы жылы бірінші қаңтардан бастап күшіне енгізсе деп отырмыз», – дейді ол. Айтуынша, аталған 23 зиянды мамандыққа салалық жәрдемақы төлеу үшін шамамен 750 мың теңгеге жуық шығын кетеді деп жобаланып отыр екен.

УКРЕПЛЯЕМ ИММУНИТЕТ

ВАКЦИНАЦИЯ

Новая коронавирусная инфекция все еще распространяется по миру. Вакцинация признана наилучшим способом защититься от опасной болезни. Сотрудники АО «НК «ҚТЖ» по всей стране продолжают активно защищать свой иммунитет от коронавируса, показывая пример коллегам и окружающим.

Асель ШАЙХЫНОВА,
Нур-Султан

По их мнению, прививка – это надежный способ обезопасить себя и своих близких, друзей и коллег. При этом, прививочная кампания на магистрали протекает в плановом режиме. Всего по данным на 3 сентября 2021 года вакцинировано около 85 тысяч железнодорожников. Только за последнюю неделю привилось более 1 500 работников магистрали. В целом, по компании общий процент получивших первый компонент составил 77%, второй – 69,7%.

В первой пятерке лидеров в разрезе регионов – Кокшетау, Уральск, Кызылорда, Шымкент и Алматы.

Как отмечают железнодорожники, надо руководствоваться здравым смыслом, и для каждого из них получение вакцины – осознанное решение. Ведь существует всего два способа борьбы с инфекциями. Первый – изолировать источник заражения, тем самым локализовав инфекцию, а второй – вакцина. Поэтому сотрудники компании принимают взвешенное решение вакцинироваться и продолжать работать в коллективе, не опасаясь заболеть или стать причиной заражения коллег.

Твои люди, магистраль!

ГЕРОИ СРЕДИ НАС

На минувшей неделе сотрудники ДЧС Павлодарской области передали медаль от МЧС «Суға батқандарды құтқарғаны үшін» (За спасение утопающих) семье железнодорожника Марата Рахимжанова, который ценой своей жизни спас из воды ребенка.

Айдана ЕРТАЙ,
Павлодар

Напомним, трагедия произошла 3 августа на теплом течении Иртыша. В тот день 11-летняя девочка, которая пришла на пляж с матерью, во время купания заплыла за буйки и начала тонуть. На помощь ей поплыл дежурный по Павлодарскому отделению ГП 59-летний Марат Рахимжанов, отдыхавший в это время с друзьями. Ребенка он спас, но сам, к сожалению, выплыть уже не смог. Как сообщили в региональном департаменте по ЧС, тело погибшего искали несколько дней. Водолазы нашли его в районе автогужевого моста.

На прошлой неделе семью Марата Рахимжанова навестили руководство ДЧС и его коллеги. Мужчина посмертно награжден медалью от МЧС РК.

Марат Рахимжанов в 1985 году окончил Павлодарский индустриальный институт по специальности «теплоэнергетика». На железную дорогу пришел в 1994 году. Начинал работать в Павлодарском локомотивном депо. В 2011 году получил второй диплом по специальности «организация перевозок и управление движением на железнодорожном транспорте». В разные годы он трудился поездным диспетчером, машинистом тепловоза, мастером смены цеха, механиком. Последняя должность – дежурный по отделению железной дороги.

– С Маратом Рахимжановым мы работали с 2002 года. Его всегда отличали такие качества, как трудолюбие, ответственность, он любил учиться чему-то новому, его очень уважали коллеги, отмечали его мудрость. Он был человеком неравнодушным. За годы работы воспитал большое количество учеников, которые продолжают его дело сегодня, – рассказал начальник оперативно-распорядительного отдела Павлодарского отделения ГП Каиргельды Сулейменов. – Мы еще раз выражаем искренние соболезнования родным и близким. Такого человека всегда будет нам не хватать...

Фото из семейного архива РАХИМЖАНОВЫХ

ТҮРКСІБКЕ АРНАЛАДЫ

РУХАНИЯТ

Семей магистральдық желі бөлімшесі Түрксібтің 90 жылдығына орай танымдық-тағылымдық мәні бар тың туынды құрастыруда. Бөлімше басшысы Айдын Шәукежановтың бастамасымен қолға алынған іргелі шараға бүгінде ҒТА орталығы, техникалық кітапхана және кәсіподақ ұйымы атсалысуда.

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Басты мақсат – ғасыр құрылысы жайлы бұрындары айтылмаған тың деректер жинастыру, Түрксібке Тәуелсіздік тұрғысынан жаңаша баға беру, сол дәуірдегі теміржол саласының майталман мамандары жайлы тың естеліктермен бөлісу және бүгінгі таңдағы сала қызметкерлері мен кешегі ардагерлер арасындағы сабақтастық туралы тағылымды ой өрбіту болып отыр.

Жаңа жинаққа әсіресе фотосуреттер молынан жинастырылуда. Оған желі бойындағы барлық теміржолшылар бір кісідей атсалысып жатыр. Осыған дейін кәсіподақ ұйымының күш салуымен ардагерлер қауымынан көптеген суреттер мен тың фотодеректер алынған болатын. Сонымен қатар, бөлімшенің жекелеген мекемелері жайлы да тұшымды деректер қоры мол. Бұл ретте бір ғана вокзал шаруашылығы жайлы бұрын-соңды еш жерде кездеспеген архив құжаттары мен фотосуреттер табылып жатыр.

– Түрксіб тарихына көз жүгіртіп отырып көптеген қызықты мағлұматтарға кездесеміз. Мәселен, құрылыс жұмысы қолға алынған жылдары теміржолдағы ең беделді мамандық иелері жолшылар болса, нағыз элиталық мамандар қозғалысшылар болыпты. Сол тәрізді жоғары интеллектіні қажет ететін ШЧ саласына ұлты қазақ мамандардың тартылуы да өз алдына ерекше тақырып, – дейді бұл ретте НЖС-6 кадр бөлімінің басшысы Данияр Баймағұлов.

Қорыта айтсақ, Түрксіб құрылысын өз қолдарымен салған кешегі құрыш білекті аталар жолы үлгі етілетін, бүгінгі заманның жарқын жетістіктері де берілетін тың туынды оқырманға жол тартатын күн алыс емес.

ЕКПЕ АЛҒАНДАР ТОҚСАН ПАЙЫЗҒА ЖУЫҚ

COVID-19

Елімізде ғана емес, әлем бойынша пандемия салдары ушығып тұрғандықтан халық арасында екпе алу, ұжымдық иммунитетке қол жеткізу мәселесі әлі де өзекті болып тұр.

Жан ПЕРДЕБЕК,
Шымкент

Бұл орайда Шымкент жүк тасымалы бөлімшесі мен магистральдық желі бөлімшесінің қызметкерлері коронавирус инфекциясына қарсы вакцинаны 86,8% алып үлгерді. Мәселен, ПЧ-53 кәсіпорнынан 326 теміржолшы, ПЧ-54 бойынша 441 адам, ШЧ-37 кәсіпорнынан 159 адам, ШЧ-38 – 210, ЭЧ-24 – 256, МБ Арыс – 22, т.б. жалпы 1667 адам вакцина алған. Бұл – тек НЖС-9 бойынша ғана екпе алғандар.

Ал ЖТ-9 бойынша 2811 адам, оның ішінде ТЧЭ-32 Арыс - 908, НОД-9 Шымкент – 1074, ӘТЖК Шымкент – 824, «Теміржолсу-Арыс» ЖШС – 130 т.б. кәсіпорындарды қосқанда жалпы саны 5599 адам екпе алды.

Жалпы, аймақтағы теміржолшылар көбіне ресейдің «Спутник V» вакцинасын алған. Вакцинация процедурасы «Shymkent Medical Services» ЖШС-де әлі де жүргізілуде. Сондай-ақ, бөлімшеде аймақ бойынша вакцина алғандар арасында марапатталғандар бар. Бұл қызметкерлер мен жұмысшыларды өз денсаулығы мен айналасына жауапты қарауға, екпе алуға ынталандыра түседі.

Шымкент жол дистанциясының басшысы Дәурен Бахиев, Арыс жол дистанциясынан Махмуд Рысбеков, Шымкент белгі беру және байланыс дистанциясынан Болат Қасымбеков, Арыстағы белгі беру және байланыс дистанциясынан Нұрлан Жүнісов, Электрмен жабдықтау дистанциясының бастығы Рауан Сүлейменов пен Арыс материалдық-техникалық жабдықтау базасының басшысы Әзімбек Ақтөреев ұжымда вакцинациялауды жақсы ұйымдастыра білгені үшін Шымкент магистральдық желі бөлімшесінің бастығы Н.Бастаровтың алғыс хатымен марапатталды.

«Қызметкерлеріміз жүз пайыз вакцина алды деп айта алмаймыз. Себебі, вакцина ерікті түрде әрі кейбір персоналдардың медициналық себептері бар. Дегенмен, ұжымдық иммунитетке қол жеткізіп отырмыз», – деді кадр бөлімінің бастығы Балжан Назарова.

Суретті түсірген автор

АЙЫППҰЛ САЛЫНДЫ

ІНДЕТПЕН КҮРЕС

Шілде айында Маңғыстау темір жол вокзалында «Ashyq» мобильді қосымшасы жұмыс бастағалы жолаушылар арасында коронавирус инфекциясының таралуына әсер ететін бірнеше жағдай анықталған.

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

Қосымшаның көмегімен «қызыл» мәртебесі бар 5 адам, «сары» мәртебесі бар 12 адам анықталған. Карантиндік талаптарды бұзған адамдардың тізімі Маңғыстау облыстық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментіне беріліп, ҚР әкімшілік құқықтық Кодексінің баптарына сәйкес жеке тұлғаларға 30 АЕК есебінде айыппұл салынды.

– Науқас немесе дертке шалдыққан адаммен жақын байланыста болған кісі үй жағдайында карантинде болуға тиіс. Тұрғындар ең алдымен осыны ескеріп, айналаға қауіп төндірмеуі қажет. Өкінішке орай, кейбіреулер оған мән бермейді. Жағдайын білсе де халық арасында жүріп, дертті таратушыға айналады. Бұл ауру жас па, кәрі ме, ешкімді аямайды. Жыл басынан бері 8 айдың ішінде біздің басқарманың бақылауында тұрған темір жол нысандарының қызметкерлері арасында коронавирустық инфекцияның 38 жағдайы тіркелді. Эпидахуалды талдау барысында, олардың Covid-ке қарсы екпе алмағаны және олармен жұмыс орнында жанасушылардың да көпшілігі вакцина алмаған немесе вакцинация курсын толық аяқтамағаны белгілі болды. Сондықтан вакцинациялау – вирус таралуын азайтудың, бұрынғы өмір салтымызға оралудың бірден бір тәсілі екенін ескертеміз. Өзімізді ғана емес, айналамыздағыларды да ойлайық! – дейді бұл туралы ақпарат берген Маңғыстау бөлімшелік көліктегі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы Жумаганым Кенжалиева.

Маманның сөзіне сүйенсек, қазір маңғыстаулық теміржолшылар арасында вакцина қабылдағандар саны 3 мыңнан асқан. 3065 адам (71 пайыз) I компонентін, 1899 адам (44 пайыз) II компонентін алған. Түрлі сылтаумен екпеден бас тартып жүргендер де жоқ емес.

РУКА ПОМОЩИ

В рубрике «Рука помощи» мы призываем оказать посильную поддержку коллегам-железнодорожникам, их детям, а также ветеранам магистрали, оказавшимся в трудной жизненной ситуации.

Семья старшего приемщика Аягузского эксплуатационного локомотивного депо по ТД-17 станции Шар Семейского отделения ГП Ержана Манабаева нуждается в помощи. В мае 2021 года внуку Ержана Жукеновича, 8-летнему Азамату Асанали, поставлен страшный диагноз – злокачественная опухоль головного мозга.

Для лечения мальчика в Южной Корее необходима неподъемная для семьи сумма в 16 миллионов тенге.

Призываем вас не оставаться в стороне и помочь Азамату и его семье, столкнувшимся с бедой.

Реквизиты Kaspi *5169 4971 2356 1619*
Манабаева Айым (мама), или по номеру телефона 8 707 906 11 97, Айым М.,
ИИН 900703400859.
СберБанк (RU): 4263 4333 4425 3379
Бейсембинов Асет (папа),
ИИН 850822300937.
Halyk Bank: 4405 6397 5559 3223
Мультивалютная карта (USD, EUR), ИИН 900703400859
Манабаева Айым Ержановна.

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ
ҚАЗКӨЛІККӘСІП

Бас редактор
Дина Муздубаева
Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Газет басылатын қалалар:
Нұр-Сұлтан, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 20 000

Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады.
© «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.
Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
Кезекші редакторлар:
Р. Рахметов, Р. Рахметова

Меншікті тілшілер:
Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосұйым Мұқашев 8-778-946-09-66
Шымкент: Жансая Сыдықбай 8-707-390-17-18
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Жамбыл: Асхат Райқұлов 8-700-330-01-53
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Кудабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-747-535-21-58
Ақтөбе: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97
Көкшетау: Надежда Новицкая 8-701-854-38-27

Редакцияның мекен-жайы:
Нұр-Сұлтан қ., Д.Қонаев көшесі 6.

Газетті тарату жөніндегі менеджер
Асель Распаева,
тел.: 8 775 198 15 61,
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу куәлігі берілді.